



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

**ЕУРАЗИЯТАНУШЫ-ҒАЛЫМ ЛЕВ ГУМИЛЕВ  
ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТАРИХЫ**

**Ордабай Нұрсұлтан**

[kalenovats@mail.ru](mailto:kalenovats@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, сәулет және құрылыс факультетінің 1 курс студенті,  
Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Т.С.Қаленова

«Тарих дейтін: бұрынғы өткен заманның жайынан сөйлеп тұратұғын, бұрынғы өткен кісілердің ісінен хабар беретұғын бір ілім. Қазақтың көбі оны «шежіре» деп айтады. Бұ заманның ғалымдары тарихты ең оңды мұғалім деп түсінеді. Тарих – түзу жөнді үйретуші деп айтады. Тарих халықты түзу жөнге сілтеуші болса, оған дүние де түзушіліктің кітабы. Тіршіліктің жолбасшысы деуге де болады. Келешек күннің қандай болашағын білуге тарих анық құрал болады», - деп қазақтың нар тұлғасы Әлихан Бөкейханов айтқандай, біз қазақтың өткен тарихын зерттеп-зерделеу арқылы ғана ел болашағын айқындай аламыз. Бұл арада сөз қазақ этносының тарихын зерттеуге зор үлес қосқан белгілі тарихшы-ғалым Лев Гумилев турасында болмақ.

Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының: «Тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерімен озбақ», - деп айтқаны бар. Ал, Лев Николаевич Гумилев болса, Ұлы Дала тарихы туралы іргелі зерттеулер жүргізіп, ой тереңдігімен, соны пайым-тұжырымдарымен, ерекше дарындылығымен, ғылымға деген шынайы адалдығымен оза білген дара тұлға, ғалым.

Лев Гумилев көшпенділердің әлем тарихына қосқан үлесін бұрмалап көрсетуге тырысқан еуроцентристік біржақты пікірді қолдамады. Ол көшпенділер тарихынсыз әлем тарихын тұтастай қарастыру мүмкін еместігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Оның ғылыми мұрасын Еуразия халқы тарихы турасындағы зерттеулер құрайды. Сондай-ақ, Лев Гумилевтің қазақ этносының қалыптасуына қатысты жазған ғылыми зерттеулері де бар. Осы орайда оның «Қазақ этносының шығу тарихы» деп аталынатын дәрісін атауға болады. Бұл дәрісті 1985 жылы наурыз айында Э.Е. Дильмухамедова жазып алған. Дәріс 2003 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ұйымдастыруымен өткен «Еуразияшылдық және Қазақстан» атты Еуразиялық ғылыми форумының еңбектер жинағында алғаш рет жарияланған болатын.

Аталған дәрісте Лев Гумилев қазақ этносының шығу тарихы тікелей алдыңғы көшпелі халықтардың этникалық тарихымен байланысты деп жазады. Ғалым қазақ тарихын көне көшпенділер тарихымен байланыстыра зерттейді. Мұнда қыпшақ, қаңлы, арғындар мен қимақ, қарлұқ тайпаларының қазақ этногенезіндегі орны туралы да айтылады. Әрине, Лев Гумилев қазақ этносының қалыптасу тарихын сол кездегі Еуразия Даласындағы тарихи оқиғалармен байланыстыра отырып қарастырады. Мәселен, XIII ғасырдағы Шыңғысхан шапқыншылығы тұсындағы Қазақстан тарихы егжей-тегжейлі берілген. Ғалым моңғолдардың жаулап алу соғысы кезінде Қазақстан территориясына келген тайпалар туралы мағлұмат береді. «Шыңғысханмен Шығыс Сібірден келген қоңыраттар арғын, найман және шығыс қыпшақтармен бірге төрттік одақ - Орта жүзді құрды» [1, 11-18], -деп жазады. Қазақтың шығу тегі, тарихы, шежіресі жайлы зерттеу жүргізген XX ғасыр басындағы қазақтың біртуар ойшылы, ақын, жазушы, тарихшы Шәкәрім Құдайбердіұлы да өзінің белгілі қазақ шежіресі туралы еңбегінде Орта жүзге қатысты осындай мәлімет береді. Онда: «1220 жыл шамасында бұрынғы қырғыз (қазақ-авт.) жерінің, яғни Сарыарқаның күншығысыменен оң тұс арасында арғын, найман, керей деген елдер араласып, көшіп жүрді» деп келтірілген [2].

Л. Гумилев қазақ жүздері тайпалық одақтар ретінде алғашқы жүз - Ұлы жүз Жоңғарияда, одан Шығыс Қазақстанда Орта жүз, ал Қазақстанның батысында Кіші жүз құрылғандығын жаза

келе, соңғы жүз құрамында ең көп рулар болғандығын айтады. Ғалым мұның себебін былайша түсіндіреді: «түрікмендер қазақтар үміттенген жерлерді басып алған, сондықтан қазақтардың ең жаугер бөлігі түрікмендерді Арал теңізінен оңтүстікке қарай ығыстырған. Осылайша қазақтар өздерін Үстірт, Ембі, Жайық бойында қоныстармен қамтамасыз етті» [1, 16].

Лев Гумилев жаңа этнос ландшафтар түйісінде туындайды деп тұжырымдады. Қазақ этносы далалы, жазықты және таулы ландшафттар түйісінде пайда болды деп көрсетті. «Алтай, Тарбағатай, Тянь-Шань іргелес жазықтармен үйлесуі - бұл, түрлі ландшафт қазақ этносы туындаған орын болды және осы жерден Еуразияның ұлан-ғайыр даласына, Жайыққа дейін кеңейтілді. Қазақтар этнос ретінде өте әдемі, табиғи-бай және жайлы елден шыққан» [1, 16, 17], - деп жазады Л. Гумилев қазақтардың шығу тарихы турасында.

Ғалым осы зерттеуінде монотонды ландшафт әдетте қалыпты болады және оның мекендеушілерін ширектіру да қиынға соғады. Ондағы әлсіз ықпал сөнөді. Ал қашан ландшафт әртүрлі болса, онда этностар оңай қайта құрылады және жаңа этнос құрылады деген пайымдау жасайды [1, 17].

«Қазақ» этнониміне қатысты Л. Гумилев «қазақ» (казак) сөзі бастапқыда әртүрлі халықтармен пайдаланылып келді дейді. Ол Дон, Кубань және Теректің хазар-славяндармен аралас шыққан және православие дінін ұстанушы тұрғындары өздерін «казактармыз» деп атағанын, католиктік Польшадан Запорожьеге қашқан орыстар да «казактар», «козактар» деп аталғандығын келтіреді. Л. Гумилев: «Татарлардан өзгеше далалы түркі тайпалары өздерін «қазақ» деп атады. Өйткені, татарлар деп Алтын Орда ханына шын бағынғандар, ал қазақтар деп - олардан тәуелсіз көшпелі, ерікті көшпенділер аталды. Алтын Орда құлауымен «қазақ» этнонимі туындады деп айтуға болады. Бірақ, қазақтар, халық ретінде, әрине, бұдан бұрын да өмір сүрген», - деп дәйектейді. Жалпы алғанда, бүгінгі күні «қазақ» терминіне байланысты әртүрлі дерек көздері кездеседі. Жазбаша әдебиетте «қазақ» термині 1245 жылы мамлюктік Египет мемлекетінің қыпшақтары ортасында жасалған араб-қыпшақ сөздігінде жазбаша деректемелер ішінде бірнеше рет қолданылған деп саналып жүр. Онда «қазақ» сөзіне «еркін, кезбе» деген мән беріледі [3].

Кез келген этноәлеуметтік организмнің өз аумағы шегінде экономикалық байланыстардың белгілі бір қауымдастығы болады. Қазақ халқы мен оның этникалық аумағының құрылу, қалыптасу дәуіріндегі белгілі бір шаруашылық-мәдени үлгі, этносаяси үрдістер негізінде қалыптасқан ірі аумақтық тайпалар бірлестіктері (немесе одақтары) – жүздер этноәлеуметтік организмнің жоғары санаттарының бірі болды. Қазақтар тарихындағы мұндай бірлестіктер - Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз [4].

Лев Гумилев қазақтың үш жүзі «өзара саяси және мәдени байланыстармен бірікті, бұл Далада көшпенділердің бейбіт өмір сүруі үшін барынша қолайлы түрі болды» деп атап көрсетті.

Л. Гумилев ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ. қалмақтар қазақтарға қарсы соғысқандығын, сол бір қиын жағдайда қазақтар өз еріктерімен қытайлық емес, ресейлік патшаларға бағынды деп жазады. Сонымен, Лев Гумилев аталған дәрісті қазақтар ХҮІІІ-ХІХ ғғ. Ресей бодандығында болғандығымен, ал ХХ ғ. жағдай өзгергендігімен аяқтайды. Әрі бұл жағдайдың «қалай өзгергендігін барлығы менсіз де біледі», - деп ой түйіндейді.

Қорыта айтқанда, Л. Гумилев зерттеулерінде әртүрлі этникалық жүйелердің қатар өмір сүре алу мәселесінің мәні ашылып көрсетілді. Оның тұжырымдамалары мен ой-пайымдаулары әртүрлі халықтар арасында ынтымақтастық, ымырашылдық мәдениетін қалыптастырып, дамытуға мүмкіндік береді. «Тікелей менің өзіме қазақтармен, татарлармен, өзбектермен тығыз байланыс жасау, бұл халықтармен достасу қиын емес, тек қана ағыннан жарылған ақ көңіл, адал әрі ізгі ниетті болсаң, сосын олардың өзіндік болмыс-бітімін сыйласаң жеткілікті. Өз әдет-ғұрыптарын және қалыптасқан үрдістерін олар ешкімге зорлықпен таңбайды» [5] деген-тін Лев Гумилев.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Гумилев Л.Н. қазақ этносының шығу тарихы. // Еуразияшылдық және Қазақстан. «Гумилев оқулары» еуразиялық ғылыми форум еңбектері. -1 том.- Астана, 2003. - 266 б.
2. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі.- Алматы: «Қазақстан» және «Сана», 1991.-80 б.-Б.34.
3. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 2 том.- Алматы: «Атамұра», 1998.- 640 б.- Б.308.
4. Гумилев Л.Н. Мен шығыс шапағына табынамын, ал батыстық туралы тек күйзелемін. // Известия, 2001, 28 қыркүйек.
5. Известия, 1988, 13 сәуір.

УДК 379.85

## ТУРИСТИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ ЕВРАЗИИ: ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ УСЛУГ ПРЕДПРИЯТИЙ КАЗАХСТАНА

Панахова Шовкет Бабиловна

[shovket1999@mail.ru](mailto:shovket1999@mail.ru)

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, экономический факультет, студент 1 курса, Астана, Казахстан  
Научный руководитель- Ж.К.Есимова

Рыночная экономика обязательно предполагает, что отношения экономических субъектов складываются в условиях конкуренции. В данной статье будут рассматриваться конкурентоспособность услуг в Казахстане и способы их повышения в современных экономических условиях. Устойчивый рост конкурентоспособности услуг предприятий может быть обеспечен только в том случае, если быть привлекательным в сравнении с подобными продуктами благодаря наилучшему качеству.

Важнейшим, качественным показателем, отражающим эффективность работы организаций в рыночных условиях, является уровень конкурентоспособности[1]. Проблема конкурентоспособности продукции и организации носит в условиях рыночной экономики универсальный характер. Решение этой проблемы является одним из главных условий экономического благополучия для нашей страны[2].

На сегодняшний день проблема повышения конкурентоспособности услуг предприятия Республики Казахстан становится все более актуальной. Рыночная ситуация во многом зависит от состояния и результатов конкурентной борьбы[3].

В Казахстане активно решаются вопросы, связанные с конкурентоспособностью. В программе «Рухани жаңғыру» выделено что, не только отдельный человек, но и нация в целом имеет шанс на успех, только развивая свою конкурентоспособность. Особенность завтрашнего дня в том, что именно конкурентоспособность человека, а не наличие минеральных ресурсов, становится фактором успеха нации. Поэтому любому казахстанцу, как и нации в целом, необходимо обладать набором качеств, достойных XXI века. Таким образом, в данной статье мы будем рассматривать конкурентоспособность услуг в Казахстане и предлагать возможные пути повышения конкурентоспособности услуг в Республики Казахстан.

Для начала рассмотрим динамику количества обслуженных туристов по видам туризма в 2012-2017 годах в Казахстане (таблица 1).

Таблица 1- Динамика количества обслуженных туристов по видам туризма за период с 2012 по 2017 год [4].